

Спорт шебері атағы берілді

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының курсанттары әскери самбодан «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағын иеленді.

Былтырғы, 2015 жылдың қыркүйек айында өткен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының спорт кешенінде әскери самбодан 23 жасқа дейінгі спортшылар арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионатында академияның курсанттары жеңімпаз болып, әскери самбодан «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағын орындаған болатын. Аталған чемпионатқа Астана қаласынан, Ақмола, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан мен Қостанай облыстарынан барлығы 7 командада 108 спортшы қатысты. Олардың арасында: 6 спорт шебері, 36 спорт шеберіне үміткер, 29 бірінші санаттағы спортшы болды.

Алғашқы кездесулердің бірінде Байдаурен Чуюнбаев ең маңызды қарсыласы Батыс Қазақстан облысының мықты палуаны Шыңғыс Жажиакбаров болды.

Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің 2016 жылғы 6 қаңтардағы №2 бұйрығымен әскери самбодан «Қазақстан Республикасының спорт шебері» атағы ҚР ІІМ Қостанай академиясының 4-курс курсанты Байдаурен Чуюнбаевқа және 3 - курс курсанты Аслан Бекболатқа берілді.



Аталған курсанттардың жаттықтырушылары - жауынгерлік және дене дайындығы кафедрасының қызметкерлері полиция полковнигі А.Ақылбеков, полиция подполковнигі Б.Өтенов, полиция подполковнигі Р.Таңқыбаев, полиция капитаны Е.Кабидуллинов.

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов жаттықтырушылар мен курсанттарды салтанатты түрде құттықтап, сәттілікпен кәсіби өрлеу тіледі.

Айдарбек АҚЫЛБЕКОВ
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы
жауынгерлік және дене дайындығы
кафедрасының аға оқытушысы,
полиция полковнигі